



“Bal Ayım” бөбекжай бақшасы

Балабақша – жайлы мекен

**Топ: “Балдырған” аралас тобы
Топ тәрбиешісі: Сейлова Сауле**



2023– 2024 оқу жылы

1 – қыркүйек – Білім күніне арналған салтанатты жиын

Мақсаты: Білім күні үлкен мереке екенін балаларға жеткізе білу, сезіну білімге деген құштарлығын арттыру, еліміздің білімді, тәрбиелі азаматын елжандылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Қазақстан туы, шарлар, гүлдер, ұлағатты қанатты сөздер

Барысы:

1 – жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті ұстаздар, қонақтар, ата – аналар, оқушылар. Арайлы жаздың үш айын мазмұнды да, мәнді өткізіп, сағынышпен алтын ұя мектебімізге оралып отырған оқушыларды құттықтаймыз.

Мектеп деген білім күні, жыр күні

Мектеп деген ғылымның ең үлкені

Мектеп деген тәрбиеші адамға

Мектеп деген даналардың мекені

2 – жүргізуші: Өмір бойы мектебімді жыр етем,

Бір өзінде бақыт, білім, берекем.

Шәкірттерің өрістесін, өрлесін,

Құтты болсын «Білім күнің»- мерекен!

Құрметті ұстаздар, қонақтар, ата – аналар, аяулы бүлдіршіндер! Бүгінгі сағынышқа, шатыққа толы «Алғашқы қоңырау» мерекелеріңіз құтты болсын!

1 – жүргізуші:

Тәуелсіздік, еркіндік сөздерінің қаншалықты мағыналы, қаншалықты қымбат екенін дәл қазіргі уақыттағыдай түсінбеген шығармыз. Ешкімге тәуелді болмауды арман еткен батырларымыз найзаның ұшымен, білектің күшімен күресіп құрбан болса, дуалы ауыз билеріміз қызыл тілдің аркасында ел тыныштығын сақтады.

2 – жүргізуші:

Иә, сол заманнан бері азаттық, егемендік елімнің арманы болды. Халқының қамын жеген ата – бабаларымыздың қайсар ұрпағы 1986 жылы арман еткен тәуелсіздіктің туын тікті.

1 – жүргізуші: Жүздеріннен көрем шаттық арайын,

Болсын солай әрбір күнің, әр айың.

Мерекеніз құтты болсын ата – ана,

Мерекеніз құтты болсын ағайын! – деп бүгінгі мереке мектеп алды даярлық тобының табалдырығын аттайын деп отырған бүлдіршіндерге арналады.

2 – жүргізуші: Біраз жылын осында өткізген,

Ұстаздар – ізгі пәк жандар.

Қуана шәкірт қабылдап,

Білімнің көшін жалғандар.

Алғашқы әріп үйретер,

Салтанат Сәбижанқызы, Сәуле Сейілқызының шәкірттерімен қарсы алыңыздар!

(Музыка ырғағымен балаларды жетектеп, ұстаздары жиын өтіп жатқан алаңға шығып, ортаға 1 мәрте жүріп өтіп, арнайы дайындалған орынға келіп тұрады.)

1 – жүргізуші: Мазмұнына өрнегі жарасқан, тәуелсіздіктің қасиетті туы мәңгі желбіресін. Бірінші қыркүйек білім күніне арналған салтанатты жиылысымызды ашық деп жариялаймыз!

(әнұран ойналады)

2 – жүргізуші: Тек жүректен арналар сөзіміз де,

Жаксылықтан жаралған жүрегіңіз.

Сөз берейік құрметпен өзіңізге,
Шәкірттерге арналсын тілегіңіз.
қонақтардың құттықтау сөзін Жаңа оқу жылымен сіздерді «Bal - Айым» бөбекжай
бақшасы меңгерушісі Әсем Алтынбекқызы құттықтайды.

1 – жүргізуші: Бүгінгі мерекемізге құттықтау әнін арнайтын Сахибек Аяла
«Үйретеді» әнімен ортада.

2 – жүргізуші: Бүгін қандай шаттық тола күн еді,
Бүкіл әлем ерекше бір түледі.
Балдырған жетектеген ата – ана,
Қуаныштан жарылардай жүрегі,
Білім көзін ашатынын біледі, — деп балаларын даярлық тобына алғаш жетектеп келіп
отырған ата – аналарға қадамдарыңызға гүл бітсін, армандарыңызға нұр бітсін демекпіз.

2 – жүргізуші: Қадамыңа гүл бітсін деп ал халқым,
Қол соғып бір қошеметтеп тұр жалпын.

1 – жүргізуші:

Ортаға Мектеп алды даярлық тобының бүлдіршіндері келеді,
Жүрек жарды тақпақтарын сіздерге айтып береді.

1 Ясина: Сәлем, саған мектебім,
Алғыстарым көп менің.

Оқу, білім, тәрбие
Ой санама еккенің.

2 Мадина: Қуаныш бүгін – мереке,
Шуағын шашып тұр әлем.

Мектепке келген алғашқы,
Жан досым, саған мың сәлем.

3 Сафия: Бірінші қыркүйек күні мен
Аңқыған жұпар гүлімен
Келіп ем, қарсы алар мектебім
Сүйкімді қонырау үнімен.

4 Исмайл: Биыл мен де мектепке
Біріншіге барамын.

Мақтанбаймын мен текке,
Дайын дәптер, қаламым.

5 Мұхаммеджан: Мектепке енді барамыз,
Біз оқушы боламыз.

Жақсы оқып сабақты,
Кілең бестік аламыз.

6 Аяла : Алдыңа келіп, ұстазым,
Тұңғыш қалам ұстадым.

Күлімдеген көзіңнен
Мейірінді сезіндім.

7 Ө.Айлин: Отанның біз ұл – қызы,
Халықтың біз жұлдызы.

Оқимыз ақын – жырларын,
Оқимыз еңбек сырларын.

8 Айсауле: Сылдырлайды, сыңғырлайды
Мектеп жақта қонырау.

Ұмытпаймыз бұл бір айды,
Гүлге толы омырау.

9 Кәусар: Гүл толы қала, дала да,
Гүл толы бүгін омырау.
Шақырып мектеп – анаға,
Соғылмақ тұңғыш қоңырау.

Ән.Хор: «Біз бақытты баламыз»

2 – жүргізуші: Оқитын әрі жазатын,
Білімге қол созатын.

Оқушы болдың, қарағым,
Білімнің кілтін ашатын

1 – жүргізуші: Қағылмақ, міне, әуенге бөлеп,
Қағылмақ алғаш қоңырау,
Нұр толқып жүзін, гүл толып құшақ,
Шаттыққа толсын омырау.

10. Абдулла:

Білім менің етеңім
Осу үшін өркенім
Жүзем оқу айдындынында
Жайып білім желкенін

11. Муса:

Балабақша есігін
Үшке тола ашқанбыз
Балапандай мәпелеп
Өсіруде бақшамыз

12. Асқар Айлин:

Қыркүйектің бірінде
Кеудем толы дірілге
Құлақ түйем елендеп
«Бақша» бір күнге

13. Думан:

Білім алған өзінмен
Дәрігер, ұшқыш, не ғалым
Саған ыстық сезіммен
Қарайды жұрт, мұғалім

14. Айбрхан:

Шырылдаған тыным алмай
Қоңыраудың үні қандай
Максатына жетеме адам
Оқу оқып білім алмай

15. Алтайр:

Қиындықтан өтуге
Армандарға жетуге
Білім алам ерінбей
Еліме қызмет етуге.

Ән: Ұстаз Ана (Өтеген Айлин)

1 – жүргізуші: Бүлдіршіндер сендерге артар міндет көп,
Көтеріңдер Балабақша атын құрметтеп
Білімнің көзін аша білсен тереннен
Жетелейді армандарға бұл Бақша – деп бүгінгі «Алғашқы қоңырау» атты мерекелік
жиылысымызды аяқтауға рұқсат етіңіздер.

(Музыкамен бүлдіршіндер топқа кіреді)